

Қарағанды облысының мәслихаты

Қарағанды облыстық
мәслихатының 2021 жылғы 25
ақпандағы № 34 шешімі.
Қарағанды облысының Әділет
департаментінде 2021 жылғы 25
ақпанда № 6207 болып тіркелді

Маслихат Карагандинской области

Қазақстан Республикасы
азаматтарының жекелеген санаттарына тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген
көлемін, оның ішінде дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың
амбулаториялық
емдеу кезінде қосымша ұсыну туралы

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда – Қарағанды облыстық мәслихатының 18.04.2023 № 34 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» заңдарына сәйкес, Қарағанды облыстық мәслихаты

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, оның ішінде дәрілік заттар, медициналық бұйымдар қосымша тегін берілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облыстық мәслихатының 18.04.2023 № 34 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Қарағанды облысы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия

төрағасы

Облыстық

мәслихат хатшысы

А.

Мағзумов

С.

Утешов

Қарағанды облыстық
мәслихатының
2021 жылғы 25 ақпандағы
№34 шешіміне 1-қосымша

**Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына қосымша
берілетін амбулаториялық емдеу кезінде қосымша тегін медициналық
көмектің кепілдік берілген көлемі, оның ішінде дәрілік заттар, медициналық
бұйымдар**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – Қарағанды облыстық мәслихатының 15.07.2022 № 223 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.11.2022 № 260 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.04.2023 № 34 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.11.2023 № 108 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.09.2024 № 210 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.03.2025 № 274 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.06.2025 № 295 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.09.2025 № 307 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.12.2025 № 349 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

1. Амбулаториялық емдеу кезінде диагноздармен (рецепт бойынша) қосымша тегін берілетін дәрілік заттар:

- 1) «Канакинумаб» дәрілік заты - «Ювенильді идиопатиялық артрит» диагнозында ;
- 2) «Тоцилизумаб» дәрілік заты - «Ювенильді склеродермия» диагнозында;
- 3) «Адалимумаб» дәрілік заты - «Ревматоидты артрит» диагнозында;
- 4) «Метилпреднизолон» дәрілік заты - «Жүйелік склеродерма» диагнозында;
- 5) «Азатиоприн» дәрілік заты - «Бехчет ауруы» диагнозында;

-
- 6) «Белимумаб» дәрілік заты - «Жүйелі қызыл жегі» диагнозында;
 - 7) дәрілік зат - «Блекфан-Даймонд анемиясы» диагнозында;
 - 8) дәрілік зат - «Өкпе артериялық гипертензиясы» диагнозында;
 - 9) дәрілік зат- «Эпилепсия» диагнозында;
 - 10) дәрілік зат - «Ювенильді идиопатиялық артрит» диагнозы кезінде;
 - 11) дәрілік зат - «Бехтерев ауруы» диагнозында;
 - 12) «Мацитентан» дәрілік заты - «Өкпе артериялық гипертензиясы»
диагнозында;
 - 13) «Кладрибин» дәрілік заты - «Шашыраңқы склероз» диагнозында;
 - 14) «Секукинумаб», Гуселькумаб дәрілік заттары - «Псориаз» диагнозында;
 - 15) «Этеплирсен», «Голодирсен», «Касимерсен» дәрілік заттары –
«Дюшеннің бұлшықет дистрофиясы» диагнозында;
 - 16) «Секукинумаб» дәрілік заты - «Псориаздық артрит (псориаздық
артропатия)» диагнозында;
 - 17) «Ритуксимаб» дәрілік заты - «Оптикалық спектрдің невромиелит
аурулары» диагнозында;
 - 18) «Омализумаб» дәрілік заты - «Бронхиалды астма» диагнозында;
 - 19) «Селуметиниб» дәрілік заты - «Нейрофиброматоз» диагнозында;
 - 20) «Велаглуцераза альфа» дәрілік заты - «Болезнь Гоше» диагнозында;
 - 21) «Буросумаб» дәрілік заты - «Фосфор алмасуының бұзылуы»
диагнозында;
 - 22) «Ланаделумаб», «C1 эстераза тежегіші» дәрілік заттар - «Бастапқы
иммундық тапшылық. Комплемент жүйесіндегі ақау» диагнозында;
 - 23) «Адам иммуноглобулині» дәрілік заты - «Басқа да қабынбалы
полинейропатиялар» диагнозында;
 - 24) «Вандетаниб» дәрілік заты - «Онкологиялық аурулар. Қалқанша безінің
обыры, IVA сатысы, T4aNIM0» диагнозында;
 - 25) «Теклистамаб» дәрілік заты - «Көптеген миелома және қатерлі плазма
жасушалық ісіктер» диагнозында;

26) «Алглюкозидаза-альфа» дәрілік заты - «Гликоген жинақталу аурулары (Помпе ауруы)» диагнозында.

2. Амбулаториялық емдеу кезінде медициналық бұйымдар келесі
диагнозбен тегін:

медициналық бұйымдар (рецепт бойынша) «Буллезді эпидермолиз»
диагнозы бар азаматтарға.

**Қарағанды облыстық
мәслихатының
2021 жылғы 25
ақпандағы
№ 34
шешімге 2-қосымша**

**Қарағанды облыстық мәслихатының
күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. Қарағанды облыстық мәслихатының 2013 жылғы 27 маусымдағы № 184 «Азаматтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емделу кезінде тегін дәрілік заттарды қосымша беру туралы» шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2349 болып тіркелген, 2013 жылғы 13 шілдедегі № 117-118 (21524) «Индустриальная Караганда» және 2013 жылғы 13 шілдедегі № 96 (21429) «Орталық Қазақстан» газеттерінде жарияланған).

2. Қарағанды облыстық мәслихатының 2014 жылғы 15 сәуірдегі № 278 «Қосымша мамандандырылған емдік өнімдерді беру туралы» шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2592 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 25 сәуірде, 2014 жылғы 19 сәуірдегі № 65 (21586) «Индустриальная Караганда» және 2014 жылғы 19 сәуірдегі № 73 (21707) «Орталық Қазақстан» газеттерінде жарияланған).

3. Қарағанды облыстық мәслихатының 2014 жылғы 4 қыркүйектегі № 314 «Дәрілік затты қосымша беру туралы» шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2740 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 29 қыркүйекте, 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 168 (21689) «Индустриальная Караганда» және 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 182 (21816) «Орталық Қазақстан» газеттерінде жарияланған).

4. Қарағанды облыстық мәслихатының 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 358 «Дәрілік затты қосымша беру туралы» шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2871 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 20 қаңтарда, 2014 жылғы 20

желтоқсандағы № 221-222 (21742-21743) «Индустриальная Караганда» және 2014 жылғы 20 желтоқсандағы № 242-243 (21877) «Орталық Қазақстан» газеттерінде жарияланған).

5. Қарағанды облыстық мәслихатының 2015 жылғы 29 шілдедегі № 419 «Дәрілік затты, мамандандырылған емдік өнімдерді қосымша беру туралы» шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3360 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 14 тамызда, 2015 жылғы 11 тамыздағы №111-112 (21862-21863) «Индустриальная Караганда» және 2015 жылғы 11 тамыздағы № 126-127 (22012) «Орталық Қазақстан» газеттерінде жарияланған).

6. Қарағанды облыстық мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы VI сессиясының № 143 «Дәрілік заттарды қосымша беру туралы» шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4068 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2017 жылғы 10 қаңтарда, 2017 жылғы 05 қаңтардағы № 1 (22114) «Индустриальная Караганда» және 2017 жылғы 05 қаңтардағы № 1 (22 306) «Орталық Қазақстан» газеттерінде жарияланған).

7. Қарағанды облыстық мәслихатының 2017 жылғы 30 наурыздағы № 168 «Дәрілік заттарды қосымша беру туралы» шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4207 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2017 жылғы 20 сәуірде, 2017 жылғы 13 сәуірдегі № 40 (22153) «Индустриальная Караганда» және 2017 жылғы 13 сәуірдегі № 40 (22 347) «Орталық Қазақстан» газеттерінде жарияланған).

8. Қарағанды облыстық мәслихатының 2017 жылғы 29 маусымдағы № 200 «Мамандандырылған емдеу өнімдерін, медициналық бұйымдарды, дәрілік заттарды қосымша беру туралы» шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4295 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2017 жылғы 11 шілдеде жарияланған).

9. Қарағанды облыстық мәслихатының 2018 жылғы 9 тамыздағы № 331 «Дәрілік заттарды қосымша беру туралы» шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4904 болып тіркелген, Қазақстан

Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2018 жылғы 25 тамызда, 2018 жылғы 28 тамыздағы № 95 (22354) «Индустриальная Караганда» және 2018 жылғы 28 тамыздағы № 95 (22547) «Орталық Қазақстан» газеттерінде жарияланған).

10. Қарағанды облыстық мәслихатының 2019 жылғы 28 ақпандағы № 398 «Дәрілік заттарды қосымша беру туралы» шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5211 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2019 жылғы 15 наурызда, 2019 жылғы 16 наурыздағы № 29 (22433) «Индустриальная Караганда» және 2019 жылғы 16 наурыздағы № 29 (22625) «Орталық Қазақстан» газеттерінде жарияланған).

11. Қарағанды облыстық мәслихатының 2019 жылғы 8 тамыздағы № 440 «Дәрілік заттарды қосымша беру туралы» шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5427 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2019 жылғы 15 тамызда, 2019 жылғы 17 тамыздағы № 90 (22494) «Индустриальная Караганда» және 2019 жылғы 17 тамыздағы № 90 (22686) «Орталық Қазақстан» газеттерінде жарияланған).

12. Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 2 шілдедегі № 553 «Қарағанды облыстық мәслихатының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және Қарағанды облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5929 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2020 жылғы 7 шілдеде жарияланған).